

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕГІЗГІ ДІНДЕР

Әбілбай Ә.

I. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ., aliya_abilbai@mail.ru

Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болып жарияланған соң, дін бостандығы жаңа арнаға түсті. Кеңес империясы негізінде атеизм мемлекеттік идеология болғандықтан діни әрекетке шектеу қойылған болатын. Алайда Қазақстан өз егемендігін алғаннан кейін қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтардың діни сеніміне еркіндік берілген. Адамдардың діни сенімдеріне қатысты Конституцияның 22-бабында былай делінген: «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар.» Адамның қандай діни сенімге енуі, оның жеке басының ісі. Бұл жөнінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2030» деген Қазақстан халқына жолдауында: «Әртүрлі этникалық және діни топтардың біреуіне мүмкіндік беріп, екіншісіне еркіндік бермеген елдің болашағы жоқ,» - деген болатын.

Дін – адам пайымының бүкіл әлем мен болмысқа, өзі өмір сүретін ортаға және өзінің ақыл-ойы мен сана-сезімінен тысқары тылсым дүниеге қатынасы; адамзат танымының дүние мен жаратылысқа деген көзқарасты айқындайтын мифология., философия және ғылымнан ерекше өзіндік бір тұрпаты; адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік – мәдени институт, ерекше қоғамдық сана және әлеуметтік құбылыс. Діннің басты белгісі - адамның ақыл ойы, сезім мүшелері қабылдай алмайтын болмыс түріне сену және оны мойындау.

Бұл термин жайлы айта кететік болсақ. «Дін» термині *religio* деген латын сөзінен шыққан. Бұл терминнің неғұрлым мойындалатын нұсқалары Цицерон (б.э.д. 106 – 43) мен Лактацийдің (шамамен 250 – 325 жылдан кейін қ.б.) нұсқалары болып табылады. Цицерон бұл терминді *relegire* – артқа жүру, оралу, қайта оқу, ойластыру, жинау, андау, қорқу деген латын сөзінен жасаған және дінді құдайдан қорқу, қорқыныш және құдайларды құрметтеу, осы құрметтеуге қатысы бар барлық нәрсені мұқият ойлап байқау ретінде сипаттады. Лактанций *religio* сөзі латынның *religare* – алу, буу, байлау, шырмау сөзінен шыққан және байланыс, адамды Құдайға қызмет еткенде және оған тақуалық арқылы бағынғанда біріктіретін дәнекер дегенді білдіреді деп санаған. Танымал француз лингвисті Э. Бенвенист (1902 – 1976) бастапқыда *religio* – бұл әрекетке түрткі болатын немесе салтты орындауға мәжбүрлейтін сезім емес, бұл адамды ұстап тұратын күдік, қайсыбір әрекетке деген ішкі кедергі деген. «Қайта жинау», «жинау, бастапқы түрге келтіру», «бұрын жасалған таңдауды қайта бастау» - *religio* сөзінің нақты мағынасы осындай. «Ол әр түрлі заттардың объективтік қасиеттерін немесе культтік практиканы емес, ішкі бейімділікті көрсетеді», - деп жазады. Сөз семантикасының эволюциясы сөздік аудармаларда көрінісін табады. *Religio* термині сөздіктерде былайша аударылады: бірдемеге ар-ұят тұрғысынан қарау – ішкі сезімде орныққан ұяттың болуы; әсіресе, қасиетті бір нәрсеге ар-ұят тұрғысынан қарау; діни сезім, сенім; діни құрмет, құдайды құрметтеу; культ, дін.

Басқа мәдениеттерде латынның *religio* сөзіне сәйкес келетін терминдердің мағыналары басқаша. Санскритше *dharma* (арий тіліндегі *dhar* – бекіту, қолдау, қорғау) ілім, ізгілік, ақылақтық сипат, борыш, әділеттік, заң, үлгі, мұрат, норма, нысан, ақиқат, шарт, себеп, әлем тәртібі және т.б. мағыналарды білдіреді. Араб тілінде *din* деген атау қолданылады, ол алғашқыда исламға дейінгі кезеңде билік, бағыну, әдет – ғұрыптар дегенді білдірсе, кейінірек Аллаға деген шексіз бағыну, өзін - өзі Құдайға арнау, діни бұйрықтарды орындау, сенімнің шынайлығын жетілдіру мағынасында қолданыла бастады. Қытай тілінде латынның *religio* сөзіне *chiao* – ілім деген сөзі сәйкес келеді. Көне славян тілінде

«сенім», «верство», «наным», ал орыс тілінде «дін» сөзі XVIII ғасырдың басынан белгілі.[2]

Дін – бүкіл болмыстың түпкі себебі барын, дүние – болмыстың жаратылуы мақсатын, оның сыр – сипатын түсіндіріп, танып – білуге және адамның рухани жетілуіне мүмкіндік жасайтын әдіс - әрекеттер мен бүкіл дүние танымды болмысты толық қамтитын өте кең, ауқымды ұғым. Діннің шығуы қазіргі ғылымның зерттеулері бойынша 40 – 50 мың жыл бұрынғы палеолит (тас дәуірі), яғни алғашқы қауымдық қоғамның салыстырмалы түрде жоғары деңгейдегі даму кезеңіне жатқызылып отыр.

Діндердің әрқайсысы түрлі ағымдар мен конфессияларға бөлінеді. Мысалы илам дінінің суниттік, шииттік ағымдары. Христиан дінінің католиктік, православие және протестанттық конфессиялары т.б.

Дүние жүзі халқы, негізінен, әлемдік үш (ислам, христиандық,будда) діндерін ұстанады.

Қазақстанда республика халқының басым көпшілігі ұстанатын басты діндер ислам және христиан діндері болып табылады. Бұл негізгі діндердің қызметтері жолға қойылып мешіт, шіркеулер және діни оқу орындары, т.б. діни бірлестіктер жұмыс істеуде.

Қазақстандағы осы екі басым болып табылатын діндер жайлы олардың елімізде пайда болуы туралы ата кететін болсақ...

Орта Азия және Қазақстан территориясын VII ғасырдың екінші жартысында Омеядтық халифа Мауави Ибн-Суфиянның тұсында енді. Дін таратушылардың қолбасшысы Құтайба Мүсілім ұлы еді. Ол жаулауды Бухара, Самарқанд, Насаф, Мерв, Хорезм, Баласұғын сияқты үлкен қалалар орналасқан Мауеранахрдың төңірегінен бастаған еді. Ао Қазіргі Қазақстан төңірегінде исламның орнығуыне Әбу Мүсіліп бастаған мұсылман әскерінің 751-ші жылы шілде айынта Талас маңындағы Ахлет деген жердн болған соғыстың жеңіске жетуі үлкен әсерін тигізді.

Осы уақыттарда еліміз аумағы Қарахан хандығына қарсы болатын Ислам біздің территориямыздо Алтын ордонның мұсылмандықты қабылдауымен нвғая түсті. Бул процесс Береке (1255-1266 ж.ж) ханның тұсында басталған еді. Ислам XIV ғасырларда Әмір Темірдің кезінде де ерекше беделді болды. Біздің елімізге негізінен дін таратушылардың әкелген бағыты Ислам дінінің имам Ағзам бастаған Ханифит Мазхабндағы суниттік бағыты. Одан әрі Исламның дамуы араб елдерінен келген миссионерлердің ықпалымен болды. Қазақ хандарының Ресейге қосылуына байланысты патша өкіметі жергілікті тұрғындар арасында христиандандыру шараларын жүргізіп іске аспайтындығына көздері жеткен соң XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың бас кезінде өздері еріксіз Исламды қолдайтын болды. Жер-жерлерге мешіттір ашылып, Уфа қаласында муфтият ұйымдастырылды.Қазақстанға арнайы мамандырылған молдалар мен имамдар жіберілді. Олардын көпшілігі татар ұлтынан еді.

Қазақстанның территориясында христиандықтың пайда болуы туралы деректер V–VI ғасырларға жатады бұл кездері Қазақстанда несториандықтың кеңірек тарағаны аталды. IX-X ғасырларда Жібек жолымен өтетін христиан миссионерлерінің белсенділігі байқалды. Бірақ бұл процесс X-XI ғасырдан соңғы кезде бірталай уақытқа толас алды: ислам батыл еніп, шіркеулер мешіттерге айнала бастады.

Христиандықтың Қазақстан территориясына таралуы XVIII-XIX ғасырлар шамасына келеді. Бұл патша үкіметінің тұрғын халықты өздерінің ата қонысынан ығыстырып, орыс шаруаларын жаппай қоныстандыру, яғни Қазақстанды отарландыру саясатымен байланысты болды.Осы шаралар және XIV-XX ғасырларда Ресейдің терең түкпірлерінен орыс шаруаларының көптеп келе бастауы Қазақстанда православиенің берік ірге тебуіне әкелді.

Бүгінде Қазақстанда ар-ождан бостандығы жарияланған. Барлық діндер үшін жағдайлар жасалған. Көптеген шектеулер алынып тастады. Осының нәтижесінде православие республикада одан ары тамырлана түсті. Қазақстан егемендік алғанға дейін мұнда православие шіркеуінің 60 приходы болса, қазір оның саны 210-нан асып түсті, 8

монастыр жұмыс жасайды. Алматы қаласында Қазақстан епархияларының приходтары үшін пастрлер мен псаломшылар даярлайтын дін училищелері (семинария) ашылды. Онымен қоса жыл сайын бірнеше адам Москваның діни семинариясына жолдама алады. Ірі діни бірлестіктер жанынан шіркеу мектептері ашылуда. Айыны бір рет « Свет православия в Казахстане » және «Веды» газеттені шығады. [1]

Қазақстан – ғажайып ел. Мұнда 130 - дан астам халықтар мен ұлттардың өкілдері тұрады. Осыларың әрқайсысы республиканың ортақ мәдениетіне өздерінің айтулы үлестерін қосты. Сонымен қатар, мемлекетті құраушы қазақ халқы осы сан алуандық арасында көмескі тартпай, керісінше мәдени мұраларын құрметпен сақтап, мәдениеттің жаңа биіктеріне көтерілді.

ӘДЕБИЕТ

1. Ғ. Есімов, А. Артемьев, С. Қанаев, Г.Біләлова «Дінтану негіздері», –Алматы 2003ж.
2. Н.Ж. Бәйтенова, Қ.А. Затов «Дінтану негіздері»